



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәртебе

Тазалық жанашырларына құрмет



Жақында жаңалықтан оқыдым, Финляндияда жылдың ең үздік марапаты саналатын «Жыл адамы» аталымына қар тазалаушы лайық деп танылған. Өркениетті елдердегі қарапайым жұмысшының қоғамдағы жоғары мәртебесін осыдан-ақ байқауға болады.

Мемлекет басшысы 2025 жылды Қазақстан үшін «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихатталатынын жеткізген еді. Осы орайда аудан әкімі Ардақ Ибраимов кентті тап-таза, қоқыссыз мекен еткен тазалықшыларды қабылдады.

Кездесу барысында Жалағаш ауданының 85 жылдық мерейтойы қарсаңында арнайы төсбелгі және алғыс хаттар табысталды. Туған жердің гүлденуіне зор үлес қосып жүрген жандарға алдымен аймақ басшысының алғысын жеткізген аудан әкімі еселі еңбектер ерекше қолдауға лайықты екенін айтты.

– Тазалық бұл көзге көріне бермейтін қызмет түрі болғанымен мемлекет үшін басты мәселе болып саналады. Осы ретте күн-түн демей тыным таппай, уақытпен санаспай, еңбекқорлық адалынан алған сіздердің еңбектеріңіз орасан. Сіздердің атқарған жұмыстарыңыздың арқасында ауданымыз бүгінде таза, жасыл-желөкті мекенге айналды. Сіздерге алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – деді аудан әкімі.

Ауданды көркейту-көгалдандыру бағытында көптеген жұмыс атқарылуда. Әкімдік тарапынан өкімдер шығып, күз және көктем мезгілдерінде тазалық-санитариялық, көркейту-көгалдандыру айлықтары жарияланады. Бүгінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында аудан орталығында, елді мекендерде жаппай сәнбілік шаралары белсенді өтуде. Ақция аясында көшелер жиналып, қоқыстар мен қатты қалдықтар шығарылып, көптеген ағаш отырғызылуда. Сонымен қатар көше жолақтары сызылып, аллеяларда сырлау жұмыстары жүргізілді.

Мұнан бөлек аудан тұрғындарына үйлерінің сыртқы келбетін және өздері мекен ететін көшесін таза ұстауға, көгалдандыруға, аула маңын жақсартуға насихаттау, елді мекенді абаттандыру жолындағы бастамаларын қолдау және ынтылдандыруға бағытталған «Жасыл көше – 2024», «Үздік аула» байқаулары ұйымдастырылуда. Осындай шаралар тұрғындардың экологиялық мәдениетінің одан әрі көтерілуіне ықпал етуде.

– Осы тазалық саласында 10 жылдан аса еңбек етіп келемін. Осы уақытқа дейін қыстың қатты аязына немесе жаздың ыстығына қарамай кент тазалығына өз үлесімді қосудамын. Біздің мекемеде жастар да, үлкен буын да еңбек етеді. Жас қызметкерлеріміз өте кішіпейіл. Әрдайым үлкендерге қол ұшын созып, бізге жәрдемдесіп жүреді. Кейде қатты аяз күндері жастар келіп, ыстық шай беріп, өздерінің алғыстарын айтқанда қуанамыз. Себебі бұл халықтың бізге құрметі деп білемін. Аудан көркіткенсе, қуанамыз. Өйткені туып-өскен жерімізге шын жанымыз ашиды. Осылай қолдау білдірген аудан басшылығына және жерлестеріме алғысын шексіз, – деді қоғамдық қызметші Зидашкүл Оразбаева.


Бүгінде Жалағашқа келген қонақтар кенттің тазалығына таңқалып, тамсанып жатады. Шыны керек, аудан орталығы соңғы уақытта қоқыстан тазарып, көшелеріміз көркейіп-көгалданды. Бұрын ауламыздан қоқыс шығару үлкен мәселе еді. Қазір бұл мәселе де шешімін тапты. Нақтырақ айтсақ, қоқысты қапқа салып, аула сыртына шығарып қойсаң, таң атысымен кент әкімшілігінің қызметкерлері келіп жинап алып кетеді. Сондай-ақ қоқыс жәшіктері де орналасқан. Орталық алаң, «Жеңіс» паркі жалағаштықтардың көпшілік серуендейтін орнына айналған. Өйткені бұл жерлерге жарықшамдар орнатылған, әсем безендірілген. Бір сөзбен айтқанда, «Жалағашымы» деп ұлмай айтуға болады. Әрине, бұған ең басты себепші тазалық жанашырлары екені анық.

Жандос ЖАЗКЕН

Аудан жаңалықтары

Тұрғындарды қабылдады

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов тұрғындарды кезектілік тәртібімен жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға тұрғындар тұрақты жұмысқа орналасу, тұрғын үй алу, көше атын беру және кәсіптік мақсатта жер алу мәселелерімен жүгінді.



Көтерілген жеке мәселелерге заңға сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сала бойынша жауапты басшыларға сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

Айта кетейік, тұрғындар аудан әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп, жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.



Жол құрылысы қарқын алған

Бұқарбай батыр ауылдық округінде барлығы 14,6 шақырымды құрайтын 19 ішкі көше бар. Оның 12,5 шақырымы қанағаттанарлық жағдайда.

Бүгінде ауылда жол құрылысы, көшелерді жөндеуден өткізу жұмыстары қарқынды жүреді. Биыл жалпы құны 403,1 млн теңгені құрайтын 11 көшенің жөндеу жұмыстарына республикалық бюджеттен 50 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды.

Қазіргі таңда елді мекендегі П.Әлпейісов және Н.Оспанқұлов көшелерін жөндеу жұмыстарын «Қыран» ЖШС атқаруда. Жалпы Бұқарбай батыр ауылында көшелер жөнделіп, тұрғындар үшін жақсы жағдай жасалмақ. Қазіргі таңда көшелерді асфальттау жұмыстары жүргізілуде. Келер жылы да жөндеу жұмыстары жалғасын табады.

«ЖЖ» ақпарат

Мәселе

Азық-түлік қауіпсіздігі назарда ма?

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жер бетіндегі адам саны күрт өсті. Халықаралық зерттеудің нәтижесіне сенсек, соңғы жылдары жер тұрғындары жыл сайын 80 миллион адамға өседі екен. Бұл болашақта үлкен қауіп тудыруы ықтимал. Сол себепті адамзаттың денсаулығы үшін әлем болып азық-түлік қауіпсіздігіне аса назар аударған маңызды. Дамыған елдерде бұл мәселе біржақты жолға қойылған. Ал біздің елде саланың бұл түрі енді ғана айтыла бастады.

Бір асым ет

Бүгінде Таң ауылында «TAN-FOOD» ет өңдеу цехы жұмыс істеп тұр. Ет өңдеу цехы тәулігіне төрт-бес бас ірі қара етін өңдеп, одан 15 түрлі тағам әзірлейді. Өнімдерімен аудандағы және облыс орталығындағы бірқатар сауда орындарын қамтамасыз етіп отыр.

Айта кетейік, «Бір асым етке» лайықталған салмағы 3 келі баспақ еті, жылқы қазысы, қой құйрығы кіреді, өнімнің бағасы 7 мың теңге болса, сыйлы қонаққа ұсынатын «Сыбағаның» бағасы – 8 мың теңге. Бұл – бір табаққа шақталып, жылқы етінен жасақталған даяр өнім. Оған қоса, өкпе-бауыр, тартылған ет, манты, өсіп, тұшпара, котлет, тефтели сияқты өнім түрлері де қалтаға қонымды бағада сатылып, сапалы өнім тұрғындар сұранысын қанағаттандырып отыр.

Бүгінгі таңда тұтынушылар үшін дүкен сөрелерінде таңдау өте кең. Ақшаң болса, жеткілікті, не керек, барлығын табасың. Дегенмен оның барлығы бірдей қауіпсіз ері сапалы бола бермейтіні рас. Әп-әдемі қаптаманың арғы жағында не жатқанын білу, саналы таңдау жасау үлкен жауапкершілікті талап етеді.

673 790 теңге айыппұл салынған

Қуантарлығы, бұл тұрғыда аймақта ахуал тұрақты. Өйткені аталған сала бойынша бақылап, жұмыс істеп жатқан жауапты мамандар бар. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті маман-



дарының айтуынша, аумақтық басқармалармен өнімдер қауіпсіздігін бақылау мақсатында мониторингтеу тұрақты түрде жүргізіледі. Жыл басынан бері облыстағы сауда орындарынан барлығы 161 сынама сатып алынып, зертханалық зерттеу жұмыстары жүргізілген. Бақылауға алынған өнімдердің 72,1 пайызы тағам өнімдерін және 27,9 пайызы тамақ емес өнімдерін құраған. Оның ішінде отандық өнімдер үлесі 20,5, Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше елдерде өндірілген өнімдер 50,9 және өзге елдерде өндірілгендер үлесі 28,6 пайызды көрсеткен.

ҚР ДСМ ҚДСК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалымен жүргізілген сараптамалар нәтижесімен сатып алынған барлық өнімнің 39 үлгісі, яғни 24,2 пайызы техникалық регламенттердің таңбалануы бойынша талаптарына сай келмей шыққан. Яғни өнім қаптамасында мемлекеттік тілде ақпараттар ұсынылмаған. Дұрыс ері толық таңбалаудың болмауы қауіпсіз сатып алуға елеулі кедергі келтіретіні анық. Кеден одағы техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмеген өнімдер бойынша сауда нысанына

өнімді кері қайтарып алу түрінде жердел ден қою шараларын қолдану туралы қаулылар берілген. Сонымен қатар таңбалануы сәйкес келмейтін алкогольсіз сусындарға қатысты түскен арыздар бойынша тексерулер нәтижесімен сауда нысандарының иелеріне 673 790 теңге айыппұл салынған.

Әр гектардан 230,5 центнер бақша өнімі алынды

Елімізге келетін импортты қысқарту және өз-өзін азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында ауданда нақты шаралар іске асырылуда. Мәселен, биыл жалағаштық диқаннар күріштен бөлек ауыл шаруашылығы дақылдарының басқа да түрлерінен мейден артық өнім алған. Бүгінге дейін бидай, арпа, сұлы, қант құмайы, мақсары, картоп, көкөніс, бақша дақылдары толық жиналған. Тарқатып айтсақ, 129 гектар күздік бидайдың әр гектарынан 13 центнерден, 770 гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 9 центнерден, 665 гектар мақсарының әр гектарынан 8,7 центнерден, 200 гектар қант құмайының әр гектарынан 41 центнерден, 40 гектар арпаның әр гектарынан 8,2 центнерден, 5 гектар

сұлының әр гектарынан 12,8 центнерден, 188 гектар картоптың әр гектарынан 177 центнерден, 1113 гектар көкөністің әр гектарынан 195 центнерден, 1300 гектар бақшаның әр гектарынан 230,5 центнерден өнім алынды.

Ресми деректерге сүйенсек, 1930 жылы Жер шарында 2 млрд адам болса, 1962 жылы 3 млрд, 1976 жылы 4 млрд, 1987 жылы 5 млрд, ал 1999 жылы 6 млрд адамға жеткен. Қазір жерді мекендеушілер саны 8 млрд-ға жақындаған. Адам санының күрт өсуі азық-түлік тапшылығына өкеледі, сондықтан сапаға да кері әсері болары анық.

БҰҰ-ның зерттеуі бойынша, осы ғасырдың орта тұсында 9 миллиардтан астам тұрғынды азық-түлікпен қамтамасыз ету қажет болады. Бұл – қазіргі таңда ғалымдардың басын қатырып отырған ең үлкен мәселе. Өйткені «жер беті осында адамды таза әрі экологиялық тұрғыдан сапалы өніммен қамтамасыз етуге қауқарлы болмай қалады» деген қауіп басым. Алайда Қазақстан өзін-өзі азық-түлікпен және таза ауыл шаруашылығы өнімдерін дамытумен қамтамасыз ете алатын елдер қатарында. Тек жүйелі жұмыс болса, жеткілікті.

ЖАРЫН

Зейін

Ағартушы атындағы алтын ұя

Апта басында әдеттегідей елді мекендердің тынысымен танысу үшін жолға шықтық. Бұл жолы бағытымыз – Мөрәлі Шәменов ауылындағы Әбдірашит Бердәулетов атындағы №34 орта мектеп. Ауыл балаларына арнап салынған 140 орындық білім ошағының бүгінде жұмысы жүйелі.

Мектеп директоры Ермұрат Каналханның басшылық қызметке тағайындалғанына көп болмаған. Әйтсе де бұл салада жиған-терген тәжірибесі мол білікті басшы ауыл мектебінен озат оқушылар шығаруды басты мақсат еткен. Айтудыңа, ауылдағы алтын ұя жаңа оқу жылын 233 оқушымен бастаған. Мұнан бөлек, 15 оқушы мектеп алды даярлық тобында білім алууда. Мұнда ауыл оқушыларына 97 ұстаз білім беріп, өліміз-



математика, информатика, технология пәндерінен алған білімін зертханалық тәжірибемен ұштастырады.

– Жалпы мағынасы STEM аббревиатурасы ағылшын тілінде «science, technology, engineering, mathematics» деген сөздерден алынған. Яғни бұл бағыт бір мезгілде ғылым, технология, инженерия және математиканы біріктіре отырып, академиялық бағытта дамыту дегенді білдіреді. Зертханада бір мезетте 15-ке жуық бала сүйікті ісімен айналыса алады. Кабинетте 3D модельдеу аймағы, конструкторлық бюро, тестілеу зонасы сынды роботтарды жасауға арналған орын бар. технология, инженерия және математика, физика пәндерін біріктіре отырып алдағы уақытта жұмыс жасаймыз, – дейді кабинет жетекшісі Самат Тажмахан.

Ермұрат Фаниұлымен бірге мектеп-

келген қонақтар мен оқушыларға ел тарихынан сыр шертіп тұр. Мектеп оқушылары түрлі деңгейдегі спорт, білім сайыстарында топ жарып жүр. Сөзімізге мектеп қабырғасында ілулі тұрған марапаттар дәлел. Әрине, бұл жетістіктер – ұстаздардың еңбегі мен оқушылардың қабілетінің жемісі.

Мұнда балалар екі ауысыммен білім алады. Мектеп ұжымы оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында оларды спортқа, өнерге, шығармашылыққа баулиды. Мұнда үстел теннисі, баскетбол, тоғызқұмалақ, қолөнер, домбыра сынды үйірмелер бар.

«Тәрбиесіз берілген білім – адам заттың қас жауы» екенін ескерген мектеп ұжымы ел ертеңі болған жастарды тұлға етіп қалыптастыруда сапалы білім беріп қана қоймай, ұрпақ



дің келешегін қалыптастыру жолында тынымсыз еңбек етіп келеді. Олардың ішінде 8-і – педагог-зерттеуші, 16-сы – педагог-сарапшы, 5-еуі – педагог-модератор.

Білім мен тәрбиенің алғашқы баспадағы – бастауыш сынып. Мұнда 90 оқушы бастауыш сыныпта оқиды. Алайда 123 бала күніне бір мезгілді тамақпен қамтамасыз етілген. Бүгінде мектептегі оқушылар немесе ата-аналар тарапынан ыстық тамаққа қатысты ешқандай теріс пікір алмағанын айтқан Ермұрат Фаниұлы бала қауіпсіздігі үшін астың сапасы үнемі өзінің бақылауында болатынын тілге тиек етті.

– Биыл мектепте 16 түлекті үлкен өмірге қанат қақтырамыз. Үздіксіз білім мен еңбектің нәтижесінде 1 оқушымыз «Алтын белгіге», 2 оқушымыз «Үздік аттестатқа» үміткер. Түлектер 100 пайыз ҰБТ-ға қатысады. Қазіргі таңда күні-түні дайындық үстінде, нәтиже жаман емес. Жақында Қызылорда қаласындағы «U-Study» тестілеу орталығында оқушыларымыз білімін сынап, тест тапсырып, ең жоғары балл жинады. Соның бірі – мектебіміздің мақтаншы Балнұр Сыдық. Ол 140 сұрақтың 139-ына дұрыс жауап берген. Десе де тоқмәйілісуге болмайды. Мақсатымызға жету үшін дайындықты

үздіксіз жүргізе береміз, – дейді мектеп директоры.

Айта кетейік, былтыр мектепті 9 оқушы бітірген. Олар 100 пайыз ҰБТ-ға қатысқан. Нәтижесінде 7 түлек мемлекеттік грантпен жоғары оқу орындарында білім алуға қол жеткізген, ал екеуі ақылы оқуға түскен. Әрине, шәкірттердің айтуы жетістігі – білікті мамандардың еселі еңбегінің жемісі.

Ермұрат Каналханның айтуынша, былтыр түлектердің басым көпшілігі биология, география пәндерін таңдаған. Сондай-ақ 2 оқушының таңдауы физика-математика пәніне түссе, 3 оқушы биология-химия және 1-еуі дүниежүзі тіліне, құқық пәнін таңдауды жөн санаған.

Ауылдағы білім ошағы барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мәселен, мұнда былтыр химия кабинеті жаңартылса, биыл биология кабинеті заман талабына сай жабдықталған.

Мұнда робототехника саласы да қарқынды дамыған. IT саласына қызығушылық танытып, осы бағытта білім алуға талап қылған оқушылар қатары артқан. Сондай-ақ мектеп билығы жаңа оқу жылын айрықша жаңалықпен бастаған. Мектеп директорының айтуынша, жақында ғана STEM кабинеті ашылған. Мұнда оқушылар физика,



тиң тынысымен танысып жүріп, арнайы файде көзіміз түсті. Оның айтуынша, мұнда осы мектепте ерөн еңбек еткен ұлағатты ұстаздардың өмір жолы жазылған деректер қоры мен Әбдірашит Бердәулетовтың өмірдері бар. Балалар бос уақытында осында келіп, қайраткердің өмір жолымен танысып, еткен еңбегінен үлгі алады. Мектеп қабырғасындағы жөдігерлер сырттан

тәрбиесіне де басымдық берген. Талап таланттың талабын шыңдаған білім ордасынан оқу озаттары шығуы заңдылық. Себебі мектеп ұжымы бала бойына білім дарытып, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда аянып қалмайтынына көз жеткізді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Қолдау



Кедергісіз білім: 1071 кабинет жабдықталған

Жасыратыны жоқ, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары мүгедектік туралы хабарлауға құлықсыз, себебі мұндай отбасы әлеуметтік стигмаға және оқшаулауға ұшырауы мүмкін. Нәтижесінде кемсітушілік, қызметтерге, қоғамдық өмірге және спортқа қол жеткізудегі ілес жүретін кедергілер сияқты әлеуметтік тосқауылдардың кесірінен әлі күнге дейін біраз мүгедек балалар есепке алынбай отыр. Қазір мүгедектігі бар балалар қоғамның әлеуетті белсенді және лайықты мүшелері ретінде емес, халықтың ұрымтал топтары ретінде қаралады.

Иә, мүгедектікке қатысты кемсіту және жағымсыз қарым-қатынас өмірдің барлық саласында сақталып отыр. Әсіресе жұртты білім беру саласында арнайы қолдауға мұқтаж балалардың мектептегі өмірі алаңдатады. Сондықтан барлық білім алушының, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету Оқу-ағарту министрлігінің басты міндеті саналады. Үкімет бүгінде аталған мәселе бойынша бірқатар жұмысты қолға алған.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бүгінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация есебінде 203 мың мүгедектігі бар бала тұр. Олардың 66 мыңы – мектеп жасына дейінгі, 137 мыңы – мектеп жасындағы бала. Арнайы қолдауға мұқтаж балаларды оқыту, тәрбиелеу, оңалту 496 мамандандырылған білім беру ұйымында жүзеге асырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың 69 пайызында, мектептердің 88 пайызында, колледждердің 80 пайызында жағдай жасалған. Мектептерде 1071 арнайы жабдықталған кабинет бар. Бірқатар өңірде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жағдай жасау көрсеткіштері төмен.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балалармен 9 мың арнайы педагог жұмыс істейді. Өткен жылмен салыстырғанда мектепке дейінгі ұйымдарда педагог-ассистенттердің саны 1 мыңнан 2,5 мыңға дейін өсті. Мектепке дейінгі ұйымдарда да «педагог-ассистент» лауазымы енгізілуде. Сондай-ақ тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балалар үшін мектепте «жеке көмекші» лауазымы енгізілуде. «Педагог» кәсіптік стандартына мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс бойынша жаңа мамандықтар қосылуда. Биыл біліктілігін арттыру курсынан 5 мың педагог өткен. Жалпы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың өсуіне байланысты 3,5 мың арнайы педагог қажеттілік бар. Сондықтан келесі оқу жылынан бастап «педагог-ассистенттер» колледждерде дайындалады.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың қол жетімді болуын арттыру мақсатында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру механизмі енгізілген. Ол 5 өңірде жүзеге асырылып, 2 мың бала қамтылған. Қабылданған шаралардың нәтижесінде арнайы қолдаумен қамтылған ерекше қажеттіліктері бар балалардың үлесі 84 пайызды құрады. Мүгедектігі бар балалар үшін колледжде түсу квотасы 1 пайыздан 10 пайызға ұлғайтылған.

Сонымен қатар балалар мүгедектігінің алдын алу мақсатында ерте анықтау және ерте қолдау үшін арнайы ұйымдар желісі ұлғаюда. Өткен жылмен салыстырғанда олардың саны 21-ге өскен. Алайда бірқатар өңірде ПМПК желісі мен түзету кабинеттері жеткіліксіз. Сондай-ақ скрининг нәтижелерімен алмасу үшін денсаулық сақтау министрлігінің дерекқорымен интеграция жүргізіліп жатыр. ПМПК-да жазу автоматтандырылады. Тұрақты бұзылыстары бар балалар үшін ПМПК қорытындысының мерзімі ұзартылады. Нәтижесінде кезектілік 50 пайызға қысқармақ. Яғни баланы тексеру уақытын ұзарту арқылы сапаға назар аударылады. Бұдан басқа оқу-әдістемелік көшпенді әзірленуде, оқулықтар кезең-кезеңімен әзірленуде, арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары, Брайль және үлкейтілген қаріп бойынша оқулықтар бар. Педагогтер әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі саналады. Осыған байланысты білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету, оңалту және арнайы қолдау қызметтерін көрсету сапасын арттыру үшін заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс Үкімет тарапынан қамтамасыз етілген.

Жандос ЖАЗКЕН

Қабілет

Есепке жүйрік Балнұр

Бүгінде аудандағы озат оқушылар білімін әр салада саралап, қабілетін шыңдауда. Мәселен, №34 орта мектептің түлегі Балнұр Сыдық – озат оқушылардың бірі. Ол түрлі білім бәйгелері мен қатар спортта да өзінің мықтылығын дәлелдеген.

Келер жылы алтын ұя мектебімен қоштасып, үлкен өмірге қадам басатын Балнұрдың алға қойған мақсаты айқын. Мектеп бітіруші – «Алтын белгіге» үміткер.

– Менің таңдау пәнім – физика-математика. Бұйырғанда, математика пәнінің мұғалімі болғым келеді. 10 сыныптың соңына дейін биология пәнінен олимпиадаға барып жүргендіктен, ұлттық біріншілік тестілеуде де сол пәнді таңдаймын деп ойлаймын. Алайда есеп-қисап шығаруды бала күнінен жақсы көремін. Сондықтан биология пәніне қатысты олимпиада, жарыстардың барлығына қатыспауға шешім қабылдап, ұлттық біріншілік тестілеуде математика пәнін таңдап, дайындала бастадым. Негізгі математиканы оу бастан жақсылап үйіп алсаң, аса еш қиындығы жоқ. Өзіме күрделі есептердің жауабын шығарған ұнайды. Есеп шығару ой-өрісінді көңейтеді, – дейді Балнұр Сәрсенқызы.

Кейіпкеріміз ұлттық біріншілік тестілеуге 10 сыныптан бастап дайындық жүргізіп келе жатқанын айтады. Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің студенті болуды қалайтын Балнұр қосымша Қызылорда қаласындағы білікті мамандардан арнайы білім алған. Айтуынша, ол үшін математика – күрделі болғанымен, жалықпайтын, қызықты пән. Бастауыш сыныптан бері есепке жүйрік оқушы математикадан алғырлығын көрсетіп, түрлі деңгейдегі байқауларда аудан абыройын асқақтатқан.

Бұл ретте есепке жүйрік оқушының қабілетін байқап, оны одан өрі шыңдаған ұстазының да еңбегі ерек. Математика пәнінің мұғалімі Бауыржан Қалманов Балнұрдың есепке қабілеті жастайынан ерекше екенін, әсіресе есте сақтау қабілеті жоғары екенін айтты.

– Балнұр – сабақ бырысында бәрін мұқият тыңдап, түсінбеген жері болса сұрап, ойын ашық жеткізе алатын озат оқушының бірі. Берген тапсырманы тиянақты орындап, айтқанын тез түсініп, оңай үйреніп алады. Оның білім сынағында үмітімді ақтайтынына сенімдімін. Есепке өтіптің келешегі кемел – дейді математика пәнінің мұғалімі Бауыржан Қалманов.

Айта кетейік, Балнұр тек есепке ғана емес, спортта да жүйрік. Ол волейбол, гандбол, бес асық спортына да қатысады. Нәтижесінде бүгінде ол – бес асықтан спорт шеберіне үміткер.

– Бес асық – қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Бастапқыда бес тас деп аталған. Бұл ойынды 6-шы сыныпта ұстаздарымнан үйрендім. Кейін аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, жеңіс туғырынан көріне бастадым. Одан кейін республикалық ойында Қызылорда құрамасының атынан шықтым. Жыл басында Ақтау қаласында бес асықтан ҚР чемпионаты өтті. Сол ойында жекейден II орын, командалық ойыннан III орын алдым, – дейді озат оқушы.

Балнұрдың айтуынша, ойынның алғашқы күні сәтсіз басталған. Алғаш рет республикалық ойынға қатысып тұрғандықтан қобалжу болғанын жасырмады. Ойынның екінші күнін қарсылас шақ келтірмей, жеңіспен аяқтаған.

Айта кетейік, Балнұрдың ата-анасы да – білім саласында елеулі еңбек еткен жандар. Анасы технология пәнінен, ал әкесі алғашқы әскери дайындық пәнінен ауыл балаларына білім берген.

– Балнұр – оқу үздігі. Мектепте өтетін көз келген шараға белсенділік танытып, берілген қоғамдық жұмыстарға жауапкершілікпен қарайды. Оқушылар арасында өзінің білімімен жан-жақты



оқушы екенін көрсетіп, достарына әркез көмектесіп, артынан еріп келе жатқан іні-сіңілдеріне қамқор болып жүреді. Біз Балнұрмен мақтанамыз, – дейді сынып жетекшісі Самат Тажмахан.

Озат оқушы осы уақытқа дейін жеткен жетістігін ұлағатты ұстаздарының ерен еңбегімен байланыстырады. Сұхбат барысында оның әр сөзінен білімге деген құштарлығы мен ұстаздарына деген алғысын аңғардық.

– Иә, оқушының үлкен белесті бағындыруы – тек өзінің ғана емес, ата-анасы мен ұстаздарының да еткен еңбегінің жемісі. Мен осы тұста білімге, спортқа

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Қайраткер

Еңбекпен ел еңсесін тіктеген

Бұрынғы Коммунизм совхозы бүгінде Мәрі Шәменов ауылы деп аталады. Ауылдың қақ ортасында ауыл шаруашылығының майталманы атанған Мәрі Шәменовтің биік тұғырда орналасқан ескерткіші мұнін тұр. Оның артында ауыл мешіті бой көтерген. Жалағаш кентінің орталық бір көшесі Мәрі Шәменовтің атымен аталады.



Ол жайлы мақалалар өзі барда талай рет барлық деңгейдегі газет беттерінде жарияланған республикалық журналдарда басылған кітаптардан да орын алған. Ең бастысы, оның қалай еңбек еткенін айтып, халық уақытында өз бағасын берген болатын. Бұл баға өліге дейін елінің есінде.

Кезінде Мәкең ақын Әбділда Тәжібаевпен сыйластық, достық қарым-қатынаста болыпты. Қызылордаға келсе, Мәкеңнің үйіне соқпай қайтпайтын болған. Бірі еңбек ұйымдастырудың алыбы болса, екіншісі – жылдың алыбы, екеуін жақындастырған қандай құдіретті күш екен. Енді біз ол жайлы өз білетімізді қағаз бетіне түсірдік.

1963 жылы Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Сол жылғы қыркүйек айында сайлауда ақын Әбділда Тәжібаев Қызылорда облысы Жалағаш ауданының төрт жылға Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Сол кезден бастап ақын ағамыз депутат ретінде ауданға жиі келетін болды. Бұл жылдар ішінде ол халықпен еңбек адамдарымен, совхоз шаруашылығының тыныс-тіршілігімен тығыз араласты. Ол өзінің 1981 жылы «Қазушы» баспасынан шыққан бес томдығының бесінші томындағы «Жол дәптерін» деген жазбасында былай деп жазған-ды:

Жазымда көрген еліме егде күнімде қайта араластым, балалығымда ата-анам болған ел, егділігімде де мені қайта оқытты. Қанша адамдар көрдім, қаншама тірлік таныдым, сөз үйірденді, күй аңғардым жаңадан өнеге алдым, үлгі алдым, ақыл қостым өзіме. Солардың ішінде маған ұстаз болғандардың бірі – Шәменов Мәрі деген інім. Ол Жалағаш ауданы Сыр бойындағы Коммунизм колхозының төрағасы еді, мені депутаттыққа ұсынған да осы колхоз болатын. Бір жылдан соң бұл колхоз Коммунизм совхозының (орталығы Жалағаш ауданының орталығында еді) бөлімшесіне айналды. Ал совхоз директорына жаңағы Шәменов Мәрі белгіленді. Мәрі осы совхоздың он жылдан аса басқарды. Ол 1974 жылы еңбек майданында қайтыс болды.

Адам елді дегіміз ғой, бірақ оның жарамды істері, жақсы қылық, мінез көпке дейін өлмейді екен. Ол тұрапайы айтпаған жақсы сөздер – өткеннің өлі өшпеген жазығы, бүгін де бетіне түіп тұрған бұй сияқты ұзақ сақталады екен. Алып Батырлық, жойқын ерліктер туралы аңыз-ертегілерді көп жасайтын да сондықтан болуы керек.

Екі алыптың достығының құпия сыры тереңде жатқаны жоғарыда айтылған әңгімеден-ақ аңғарылып тұр. Ол жайлы кезінде айтылған әңгімелерде есеп жоқ. Мысалы, бір жылдары құлдіріш әртіс, өңір Күңдебай Жалағаш ауданына келіп, Коммунизм совхозының клубында концерт қоятын болыпты. Концерт басталмас бұрын совхоз директоры Мәкең кіріп: – Мәке, ауылдың ойын-сауық көрсетуге келдің, қанша тейлейсің? – дейді. Сонда Мәкең: – Оны концертке билет алып баратын адамдардың қатысуы шешеді, – депті.

Мұны естіп тұрған Күңдебай риза болмаған кейіпкек.

– Концертке адам келмесе қайтеміз? – десе керек. Сонда Мәкең: – Онда біздің үйімізді қонағасынды жеп, ауылдыңызға қайтасыз да, – деген екен.

Концерт уақытылы басталады, келушілер клубқа сыймайды, бұлай болады деп ойламаған Күңдебай сахнаға шығып алып, өңге ерік беріп, арасында Мәкең арқан:

Көрмедім ғой Мәрідеңді көрсіді,
Сөйлескенде алады екен есінді.
Көйбей қойды оныша аңаң саудама,
«Билет сағың өткіз» деді көшіңді.
Өзі келді бастап жүртің менімен,
Эң мен құтыңді қадірін сөйтіп есіді.
Алдыңдандар Күңдебайды ағайын – деген өлең жолдарын баста астында шығарып, әулетіңді өңдетіп, ағылта жөнелтіпті. Сол күні Жалағаш аспанында өсем ән қалықтап, жұрт көштен алған тамаша есерін ұзақ уақыт жыр етіп айтып жүртің.

ІІ

Әр адамның өмір жолы өз алдына бір тарих. Ендеше кезекті сол тарих беттерін ашуға жол береміз. Мәрі Шәменов 1916 жылы 15 наурызда дүниеге келді. Оның дүниеге келуінің өзінің қысқаша тарихы бар. Әкесі Шәменов он жеті жастағы Айым деген қызға 25 жасында үйленіпті. Үйленгеннен кейін бұл отбасында бірнеше ұрпақ пайда болмаған. Содан Шәменов отүстіктегі Оқшы, Есабыз атты әулеттердің басына барып тұнейді. Сонда олар «Әулие» өзенінің қасында да жатыр ғой» деп аян беріпті. Бұдан кейін өз ауылындағы Түмен бабаның басына барып түнеп, Алладан бала тілеуді. Түсіне Түмен әулие кіріп, қолына мер басылған ақ қағаз беріпті. Көп уәзілі балалы болған Шәменов баласына Мәрі деп ат қояды.

Сол Мәрі 1924-1937 жылдары ауыл мектебінде оқып, 7 сыныптық білім алды. 1931-1933 жылдары Қызылорда қаласындағы педагогикалық техникумда оқыды. 1933-1934 жылдары мұғалім болды. 1934-1937 жылдары Әзбекстан республикасының Ташкент облысына қарасты Төменгі Шыршық ауданында гидротехник болып қызмет атқарды. 1937-1939 жылдары Жалағаш ауданындағы Қараөткен ауылында почта бөлімінің бастығы болды. Оскер қатарына алынған, Ұлы Отан соғысына қатысады.

Соғыстан аман-есен оралған ол 1946-1950 жылдары облыстық кәсіподақтар ұйымының төрағасы, 1951-1955 жылдары облыстық «Ленин жолы» газетінің меңшікті тілшісі және Шіелі аудандық «Стахановшы» газетінің редакторы болып абыройлы қызмет атқарды. 1955-1963 жылдары Коммунизм колхозында төраға, 1963-1974 жылдары Коммунизм совхозының директоры болды.

ІІІ

Қазіргі М.Шәменов атындағы ауылдың іргетасы 1950 жылы «Елтай», «Ирқал», «Белсенді», «Жігер» атты төрт колхоздың негізінен Молотов атындағы колхоз болып құрылған. 1955 жылы отызмыңдықтар саясаты бойынша М.Шәменов осы колхозға басқарма төрағасы болып жұмысқа келеді. Ол келгеннен колхоз көшелері жөнделіп, жаңадан үйлер салынып, аяқсу оңанын шешіліп, ағаштар егіліп, ауыл аз уақыттың ішінде жаңа кейіпке ене бастайды. Күн өткен сайын мұндағы тіршілік жандана түседі.

1967 жылы 70 орындық балабақша іске беріліп, оның меңгерушісі болып жас маман Ұлдана Тоқпанбетова бекітілді. Осы жылы 2000 орындық мәдениет үйінің құрылысы басталды. Оған қаржыны Мәскеудегі одақтың Кәсіподақ комитеті бөретін болып шешілді. Оның ол кездегі қысқаша атауы БҰССТС еді. Бұл мәселені де совхоз директоры өзі басы-қасында жүріп қол жеткізді. Оған оның бір жылдары облыстық кәсіподақ комитеті басқарған кезде аталып отырған мекеме басшыларымен қарым-қатынасының, сыйластығының жоғары дәрежеде болғанында да көп көмегі тиді.

Мәдениет үйімен қатар парк салу мәселесі қолға алынады. Алты гектар жер темір құраумен қоршалып, ішіне арық қазылып, аяқсу келтіріліп, ағаш отырғызылып, адам жүретін жолдар асфальтталып, би билейтін алаң жасалып, кино көрсететін жазғы кино залды іске қосып, парк іші жарықтандырылып, көп халқы оның игілігін көшеге дейін көріп келді. Бұл 1968 жылдың көктем айындағы көптен күткен жақсы жаңалығы болды.

Салынған барлық құрылыс нысандарының қыс айларында жылумен қамтамасыз ету мақсатында орталықтандырылған жылу қандығы іске қосылды. Бұл да ауданда тұңғыш рет іске асырылған жаңалық еді.

Осы жоғарыда баяндалған жұмыстардың басы-қасында ұдайы өзі жүріп, он аса іскерлікпен ұйымдастырып, тіксті мәселелерді уақытылы шешіп, жүзеге асыруда Мәрі Шәменов өз заманында ауыл шаруашылығы өндірісіне жаңалық енгізуде алдына ешкімді салмаған облыстығы ауыл шаруашылығының нағыз білікті, майталман басшысы атанды.

ІV

Совхоз шаруашылығы екі бағытта жүрді. Бірі – мал шаруашылығы, екіншісі – егін шаруашылығы. 1965-1966 жылдары мал шаруашылығының базасы нығайтылып, осы бағыттағы құрылыс жұмыстары қарқынмен жүргізілді. Сол жылдары Мәкең Алматы қаласына барып, директорлардың үш айлық курсына оқып келді. Сол жақтан көрген-білгенін совхоз басшылары мен мамандарына айтып, сауын сиырлардың комплексін салу керектігін түсіндірді. Сонымен «Ахмет баяз» деп аталатын жерден 1967 жылы комплексі тұрғын бұйымдарымен, іске берілді. Тұңғыш рет аудан басты сиырлар агрегат пен сауылып, басқа да жұмыс түрлері механизмімен атқарылатын болды.

Осы жылдың күзінде мал шаруашылығындағы жаңалықтың облыстың басқа шаруашылықтарына көрсету мақсатында совхозда облыстық семинар өтті. Семинар барлық аудандық партия комитетінің хатшылары, аудандық кеңес атқару комитетінің төрағалары, аудандық ауыл шаруашылығы басқармаларының басшылары, барлық совхоз директорлары қатысты. Семинарды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Хасан Шахметұлы Бектурғанов жүргізді.

Арада бір жыл өткенде «Бозтай» деген жерден сол уақыттың талабына сай келетін мал бордақылау көшесінің құрылысы басталды. Оның ұзындығы бір шақырым, көлемі 500 метр болды. Осы территорияның айналасында фундамент құйылып, қам кесектен қабырға тұрғызылды. Фундамент құюға Қарағанды қаласынан екі вагон цемент алдырылды. Бұл да Мәкеңнің іскерлігінің арқасында ойдағыдай бітті.

Мал шаруашылығы саласының базасын нығайту бағытындағы жұмыстармен қатар басқа да шараларды жүзеге асырудың арқасында мал өнімдерін өндірудің көлемі ұлғайып, сапасы жақсара түсті. Совхоз бойынша өнім өндіру, оны мемлекетке тапсырудың халық шаруашылық жоспарлары жыл сайын артығымен орындалды. Совхоз құрылған күннен бастап күріш егісіне айрықша мән беріліп, оның өнімділігін арттырудың мақсатында алда тұрған міндеттерді шешуге бір кәсіпші жұмылдыру ең басты мәселе болып қаралды. Еңбек ұйымдастыру ойдағыдай жүріп жатты.

Алдымен халықтың, совхоз еңбекшілерінің мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсартуға баса көңіл бөлінді. Жаңа үйлер салынып, кентте жаңа көшелер пайда бола бастады. Осы күнгі Н.Мырзаліев көшесіндегі тұрғын үйлердің көпшілігі сол жылдары салынған еді. Жұрт оның игілігін өліге дейін көріп отыр.

Коммунизм совхозы құрылған күннен бастап орталығы Жалағаш кенті болып шешілді. Әуеліде кеңсе болмай аудандық байланыс бөлімінің кеңсесіне орналасады. Биткен мұндағылар аудан Қармақшыға қосылып, сонда көшіп кеткен еді. Бір жылдан кейін аудан қайтадан құрылды. 1964 жылы кенттегі кеңсенің кескі құйылып, сол жылдың қыркүйек айында, тұрғын жаңа кенесі бітіріп, іске берілді. Бұл кеңсе кезінде өзінің осы күнгі атындағы көшеге салынған-ды. Қазіргі кезде ол құрылыс үй пәтері жоқтарға беріліп, онда оннан астам отбасы тұрып жатыр.

Жалпы совхоз орталығының Жалағаш кентінен орын алуы, қарқынды құрылыс жұмысының жүргізілуі кенттің көркеюіне үлкен әсері болды. Мәселен, совхоз кент орталығынан өзінің электр станциясын, күріш ақтайтын, үн таратын цехтарын салды. Ағаш өңдейтін, темір кесетін арнаулы цехтар ашты. Моңша салынып, қонақ үй бой көтерді. Жаңа кітапхана жалпы халыққа қызмет көрсетті. Күндіз-түн радио торабы жұмыс істеді.

Еңбек адамы



Салықбай қария

Ауыл адамдары «Қос ерін Салықбай» атап кеткен кісіні 1950-1951 жылдары көрдім. Бірде «Балқылар ауылы» деген жерде отырған Салықбай үйіне баласы Зорданмен барған едім. Ол кісі қалбақтап орнынан тұрып, «Мәкеңнің баласы екен ғой, кел-кел, айналайын» деп жатты. Міне, содан бастап Салықбай ағаны көріп өстім. Бұл үйлер «Балқылар ауылы» деп атанғанымен ауыл деуге келмейтін, 6-7 үйден тұратын, биіктеу жерде орналасқан қоржын тамдар еді.

Көз көрген қариялар Салықбайдың жас кезінде Балқы Базарға қосшы болғанын, Қаратамыр Қазантайға малшы болғанын және Жаңаталап колхозына колхозшы болып кіргенін айтты. Сакеңнің үйімен әсіресе жазда (Қаратабанда) қатар отырғанбыз. 1950 жылдан 1967 жылға дейін қонысымыз бір болды. Баласы Зорданмен дос бола жүріп, ол кісінің әңгімесін толық тыңдаған жоқпын. Анда-санда кездескенде «Тиішжан» деп мейірлене үн қататын.

Сакеңді көз көргендердің, әсіресе ақырлық болып кеткен Шәймбет, Мырзабай, Әбілқайымдердің «Салықбай әңгімесі» аламан еді, қиыншылықты көп көрген» деп отырғанын құлағым шалған-ды. Бүгінде Сакеңнен толыққанды әңгімелескенімде біраз шекіре, тарихты білер едім. Сакеңнің біз көрген ағасы Бұлақбай, інісі Батырбай, қарындасы Ұлжандар. Бұлақбай толық есімде қалмапты, ал інісі Батырбайды көрдік. Жақс жігіттермен өзіме мініп жарысатын, аңқаулығы басым. Қарындасы Ұлжан кезінде қарақалпақ жаққа ұзатылып, 1949-1950 жылдары Алмағұл Жұмақұл атты екі қызын ертіп, Салықбай қосына келеді. Білетіндер Ұлжанның күбіуінің аты Бекжан қазақылаптып кеткен Қарақалпақ ұлтшын болғанын айтады. Жұмақұл мектепте жақсы оқыды. Кейін Алмағұл мен Жұмақұл Жосалыда тұрды. Аналары 1970 жылы Сакеңнің қолында өмірден өтті. Батырбайы 1960-1961 жылдары қайтыс болса керек.

Салықбайдың балалық, жігіттік шағы Қазалы ауданына қарасты «Кентүте» өтеді. Сондағы балқылар мен Қарасақалдармен аралас-құралас ауылда өмір сүріпті. Шамасы Сакеңнің нағашылары Қарасақал руынан болуы керек. Өйткені немерелерінің есімін Асан, Үсен деп қойды. Асан, Үсен дегеніміз Әлім руының бір бұтағы ғой. Салықбай Жалағашта көрші отырған Сейітнәби Мұқашевке «Мен өмірде көп жігітшілік көрген адаммын, жетімдікті, жоқшылықты, ашаршылықты, соғысты, барлығын басымнан өткіздім» деген екен. Аз сөздің аржағында талай шер жатқанын түсінуге болады.

Мен Сакеңмен көп сөйлесе алмасам да ұлы Зордан Салықбаев біраз жайтарды сұрағаны анық, Өйткені ол өзінің «Кесілген түйін» атты әңгімесінде Дабылбаймен бірі Прәлі, Қожаның бектер жайлы еңбектері Сакеңнен алған мағлұматтар негізінде жазылғанын аңғару қиын емес. Салықбайдың келіні Фалия Нұржанова «Зордан» өкесі Салықбай атамсыз отырса да, тұрса да «Ерсары бабамның әурағы жәрдем ет» деп отыратын» дейді. Ал Зорданның әйелі Дина атасы туралы «Атам көп қиыншылық көргенін әңгімелейтін. Екі ағасы ертерек қайтыс болғанын, Жаңаталапқа Бұлақбай, Батырбаймен бірге келіп, колхозшы болғанын айтып еді. 11 жасынан бастап Балқы Базарды тыңдағанын сөз етіпті» дейді. Үнемі қасында болып, жағдайын жасаған туған келіні Динаның айтқаны дұрыс деп есептеймін.

Салықбай – екі нөкелі болған кісі. Алғашқы жары ертерек өмірден өтіп, 1949-1950 жылдары атақты Хамза Жомартовтың қарындасы болып келетін Ақшай Аманжолқызымен отау құрады. Ақшай ала Сәмет Балқыдан тарайды. Ал Сакеңнің әні – Балқы руының Тоққожағы. Бисары, Ерсары, Мырзағара ишандар шыққан әулет ұрпағы. Жақын туыстары Қыдырбай, Дүбірбайлар. Қыдырбайдан – Нәпбай, Дүбірбайдан – Серікбай. Олардың ұрпақтары Жаңаталап ауылында тұрады. Зордан өмірге келер тұста қайысы Нәпбай, Ақшай женге ұл туады, Зордан туады деген көрінеді. Нәпбайдың сөзі қамшы болып ұлының атын Сакең Зордан қойыпты. Атына сай Зордан болды. Республикаға тынымал ақын болды. Зордан досым хақында бұл мақаламда жазбадым. Сакең 1981 жылы Жалағаш кентінде өмірден өтіп, орталық қорымда жерленді. 1985 жылы қайтыс болған Ақшай ана да осы бейітке, мәңгілік ұйқыда. Зорданның өзі өкесінің 51 жасында өмірге келіпті. Сонда Салықбай 1893-1894 жылдары туған. Өйткені менің әкем Майлыбай 1892 жылы туған деп есептеймін. Сакең марқұм менің өкесімнің атын айтпай «Мәке» деп отыратын. Демек өкесімнен бір-екі жас кіші болғаны ғой.

1954-1955 жылдары ауылдың біраз кісісі «Түктібай» каналының «Сырбек құмы» жақ бетіне қауын-қарбыз өкті. Олар – Әбжаппар Орынбетов, Жидебай Құлтулов, Шегеші (Досан). Сондай-ақ ағайынды Майлыбай, Сайлыбайлар қауын өкті. Көмектесіп жүрген Мұса, Әбдуқан және мен олардың қазына толы әңгімелерін тыңдаған едік. Сонымен Сәкеннен Шерікұл Зордан туған. Бірі Қармақшыда, екіншісі Жалағашта дүниеден озды. Салықбай ағаның замандасы Жарылқасын мен інісі Батырбайға шығарған өлеңдері де болған. Інілері болып келетін Мырзағали Ақжолов пен Байнұз Желдібаевтар белгілі жырғау болатын. Баласы Зордан – ары бабалары Балқы Базар сияқты елге танымал ақын.

Аққыр совхозын қызылдың жиегінде құрып, жоқтан бар жасаған Камал Бердәулетов өзінің Аққыр ауылы жайлы кітабында Шәймбет Есов, Балқы Мәтінжа, Кете Досмахан, Салықбай қариялардың ел мен жер тарихын көп білетінін жазған-ды. 1946 жылы Дайрабай Бекбергөңулі мен Салықбай көрші болып «Молдамұратта» тұрыпты. Екеуі де малшы болғанға ұқсайды. Сол жылы КСРО-ның сайлауы өтіп, Салықбай сайлау өтетін жерге бармақшы болып жатқанда Дайрабай қатты ауырып жатса да сайлауға барғысы келіп, көршісі Салықбай Күзөровке «Салықбай, шырағым, қайтсен де сайлауға алып бар, дауыс берейін» дейді. Сонда Салықбай «Дәке-ау, қалай жеткізіміз? Көлікке жарамсыз ғой» дейді. «Мені түінең бір жағына, бір қап шөп құмды екінші жағына теңде» деп ақыл беріп, сол сайлауға қатысып және одан сауығып қайтты» дейтін Сәкен ақсақал бір әңгімесінде.

Зорданның айтуынша, өкесі бірнеше үйімен бірге Қарақұмдағы «Сайқұдықта» отырғанда көрнекті ақын Әбдікерім Оңалбаев 1957 жылы Қарақұм мен жайлымын аралап, арқа-жарқа болып қайтқан екен. Әбекең марқұм газеттегі қызметімен қатар Салықбай сияқты кісілерден өңіме тыңдағысы келіп барған шығар.

Бірде Зорданның үйіне соқсам, Сәкен ақсақалдың көзі көрмей қалыпты. «Ассалаумағалейкум» деп сәлемдескенімде дауысымнан таңып, қолымды қысып «Тиішжан келген бе? Айналайын, үй-іші аман ба?» деп жатыр. Өңіме арасында өкем Майлыбайдың мен туралы айтқанын қайталап «Тиішжан шөп ораса, қырып тастайды» деп көтермеленіп те қояды. Ал Ақшай ана үнемі Зорданға қорғаштап, маған «Тиішжан айналайын, Зорданға әліметтің жамы берме, зорығып, сағынып көрген баламыз» деп жылы жымыя қарағаны бүгінгідей есімде. Сәкен мен Ақшайдың бағына қарай ауылдастың қызына Зордан үйленіп, үйлі-баранды болды. Ата-анасын алғашқы бағып-қақты. Зордан да өз тарапынан Дина Нұржанқызын қолынан жетектеп жүріп, өзі оқыған институтқа түсірді. Оны ұстаздық жолға салды. Дина мен Зордан және ұстаздарының сенімін ақтап, белгілі мұғалім болды. Сәкен мен Ақшай ана да немерелердің көзін көріп, күлкісін тындап, өмірден өтті. Бүгінде Салықбай ақсақалдың немерелері Асан, Үсен, Жанар, Гулнарлар және шөберелері есіп келеді.

Салықбай ақсақал егін мен мал шаруашылығына бейім кісі еді. Оның қауын өккендегі кетпен сілтесі бүгінгідей көз алдымда. Кейінгі жас ұрпақ №16 ауылда Салықбай Күзөрулі сияқты қарияның өмір сүргеніне және ол кісі белгілі ақын, журналист Зордан Салықбаевтың өкесі екенін білуі керек.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, жазушы,
Қазақстанның еңбек
сіңген қайраткері

Тағзым

Қайраткер атындағы турнир

Кеше ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы Мәрәлі Шәменовті еске алуға арналған дзюдодан 2008-2009 жылдар аралығындағы жасөспірімдер арасында республикалық турнирдің ашылу салтанаты өтті. Қайраткер атындағы турнир 1996 жылы облыстық деңгейде бастау алған. 2006 жылдан бастап ауқымы кеңейген шараны республикалық деңгейде өткізу дәстүрге айналды. Турнирге Астана, Шымкент қалаларынан, Абай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл, Атырау, Ұлытау, Маңғыстау, Қызылорда облыстарынан, Қызылорда қаласынан және аудандарынан келген 25 команда, 350-ге жуық спортшы 9 салмақ дәрежесі бойынша күш сынасуда.



— Өзінің үлгілі ісімен елге елеулі еңбек етіп, аты аңызға айналған, беделі биік, ірі тұлға, заманының іскер басшысы, ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы Мәрәлі Шәменов — саналы жұмырын мемлекетіміздің өркендеуіне, туған жеріміздің көркеюіне арнаған ардақты азаматтардың бірегейі. Тау тұлғаның өмірі мен еңбек жолы — кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, — деді аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов.

Турнирде Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айекешов, ұрпақтар атынан экономика ғылымдарының докторы, қоғам қайраткері Мәрәлі Шәменовтің ұлы Атамұрат Шәменов сөз сөйлеп, қоғам қайраткерінің артына қалдырып кеткен өшпес мұрасы жайында айтып, жарыс қатысушыларына сәттілік тіледі.

М.Шәменов атындағы турнирге қатысып, бүгінде елі мақтанар Азия және әлем чемпионы болған Мағжан Шамшадін, Нұрлыхан Шархаң, Абылайхан Жұбаназар, Жақсыбек Жеңісбек сынды спортшылар арнайы қатысып, жасөспірімдер арасында Азия чемпионы, Еуразия ойындарының жеңімпазы, жасөспі-



рімдер арасында тұңғыш әлем чемпионы, жасөспірімдер арасында тұңғыш Олимпиада жеңімпазы Бауыржан Жауынбаев сөз сөйлеп, спортшыларға ізі лебізін білдірді.

Ашылу салтанатын жарыстың бас төрешісі, Халықаралық дәрежедегі төреші Қайрат Төленов қорытындылап, спортшыларды жарыс ережесімен таныстырды. Әрі қарай спорттық шара өліміздің түкпір-түкпірінен келген жас дзюдошылардың жеке-жегімен жалғасты.

Айта кету керек, жарыс нәтижесінде жүлделі орындарды иеленген спортшылар Қазақстан Республикасының спорт шеберіне кандидат атағын алады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қарсаңында Жалағаш ауданында

дүние есігін ашқан Мәрәлі Шәменовты өмірінің соңына дейін еңбектен бел жазбады. Халық үшін аянбай қызмет етті, тер текті. 1939 жылы Фин соғысында майданға алынған ол екінші дүниежүзілік соғысқа бастан-аяқ қатысты. Ұрыс даласында барлаушы бола жүріп, талай мәрте жараланып, қиын сәттерде ерлік ің ерен үлгісін көрсетті. Германияның Бойценбург қаласының әскери коменданты болған капитан туған жерге көудесін орден-медальдарға толтырып, абыроймен оралды. Елге келген соң еңбек майданына белсене араласып, өмірінің соңғы 19 жылында Жалағаш ауданындағы Коммунизм совхозына директор болды. Шаруашылықты биіктен көрсетіп, ел тұрмысының түзелуіне жағдай жасады.

ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы екенін еңбекпен таныта білді. Әскери ерлігі мен еңбектегі қызметі үшін «Ленин», «Қазан төңкерісі», «Ұлы Отан соғысының» 1-ші және 2-ші дәрежелі ордендерімен, «Қызыл жұлдыз», сондай ақ «Құрмет белгісі» және басқа да көптеген медальдармен марапатталған ҰОС ардагері әскери барлаушысы да болған, ержүрек жауынгер соғыстан кейін қызметін Шығыс Германияда жалғастырған. Туған халқы үшін аянбай еңбек еткен азаматтың ерлігі ескеріліп, 1994 жылы өзі 20 жыл басқарған ауылына Мәрәлі Шәменовтің есімі берілді.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Бәрекелді!

Черногориядағы тарихи жеңіс

Бокс десе дербесі қозатын қазақстандық спорт жанкүйерлері жастар арасындағы әлем чемпионатын үзбей көріп, жерлестері үшін тақым қысты. Черногорияның Будва қаласында өткен додаға әлемнің 73 мемлекетінен 593 боксшы қатысқан. Халықаралық додаға елімізден 25 боксшы аттанған болатын. Абырой болғанда жас тарландарымыз Будва қаласында атой салып, рекорд орнатты. Нақтырақ айтсақ, он жетісі жүлдеге иілініп, қоржынды алты алтын, бір күміс, он қоламен толтырды.



Апта басында сайдың тасындай іріктелген спортшыларымызды Алматы әуежайынан жақындары мен жанкүйерлері ерекше қошеметпен күтіп алды. Әлемдік додада бақ сынаған боксшыларымыздың ішінде Томирисің ұрпағы, қайсар қыз Аружан Зейноллаева бар. Ол 81 келі салмақ дәрежесінде жұдырықтасып, алғашқы айналымда Ресей, Польша боксшыларын қапы қалдырған. Ал ақтық мәреде өзбекстандық Рухшона Парлиеваны айқын басымдықпен жеңді.

— Әлем біріншілігі есте қалды. Жақсы дайындалып бардық. Үлкен дәрежеде өтті. Алдымызда бұйырса олимпиада. Олимпиадаға дайындалатын боламыз, бұнымен тоқтамаймыз, — дейді әлем чемпионы Аружан Зейноллаева.

Әлем біріншілігінде ел қоржынына бесінші болып алтын салған Бексұлтан Боранбек 51 келі салмақта өнер көрсетті. Отандасымыз іріктеу кезеңдерінде Зимбабве, Молдова, Ресей, Иран боксшыларынан басым түскен. Ал алтын үшін таласта колумбиялық спортшыны 5:0 есебімен ұтты.

— Әлемдік додада өзіміздің көк байрағымызды көтерсек, біз үшін зор қуаныш. Әлем біріншілігінде осал қарсылас болмады. Еліміз үшін, ел үмігін ақтау үшін шаршауға қақымыз жоқ, — дейді жеңімпаз Бексұлтан Боранбек.

Ұлттық құраманың биыл өткен олимпиададағы сәтсіздігінен кейін жанкүйерлердің қазақ боксына деген сенімі азайып, көңіл-күйі түскен еді. Алайда әлем біріншілігінде командалық есепте 73 елдің арасында Қазақстан құрамасы көш бастады. Өзбекстан екінші болса, Ресей үштікті түйіндеді. Бұған дейін Венгрия, Германияда жастар арасында өткен әлемдік додаларда отандастарымыз 2 алтынмен оралған еді.

Ал осы жолы спортшыларымыздың бабы келісті, бағы жанды. Әрине, өткен еңбек пен төккен тер ақталды.

— Біздің жігіттер мен қыздар жарыды. Жеңісті жұлып алды, 7-еуі Әлем чемпионы атанды. Бұл — тарихта бұрын-

соңды болмаған жеңіс. Жеңіс құтты болсын, Қазақ елі, — дейді Сидней олимпиадасының чемпионы Ермахан Ылбаймыс.

Айта кетейік, халықаралық бокс қауымдастығы жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сыйақы тағайындаған. Нақтырақ айтқанда, бірінші орынға 8 мың, екінші орынға 4 мың, ал үшінші орынға 2 мың доллардан табыстады.

Тағы да жағымды жаңалық, елімізде 2027 жылы бокстан әлем чемпионаты өтуі мүмкін. Ұлттық Олимпиадалық комитеттің мәліметінше, АҚШ-тың Колорадо-Спрингс қаласында World Boxing халықаралық бокс федерациясының Конгресі өткен. Жиын барысында

Қазақстанның бокс федерациясы Лос-Анджелестегі Олимпиада ойындарына іріктеу турнирі ретінде саналатын 2027 жылғы әлем чемпионатын өткізуге өтінім берген. Әлемдік ұйымның шешімі жақын арада белгілі болады.

Қазақстан бокс федерациясы ресми түрде World Boxing ұйымының толыққанды мүшесі атанған еді. Қазақстан бұл ұйымға 52-ші ел болып қосылған. Сондай-ақ Өзбекстан да WB қатарына кірді. 2023 жылдың сәуірінде құрылған World Boxing құрамында қазір 55 мемлекет бар.

Ж.АРЫН

Қолдау



Жаңа алаң — ел игілігіне

Қазақстан Футбол федерациясының «АЛАҢ» жобасы аясында бүгін Ф.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы толығымен жаңартылып, ел игілігіне табысталды. Алаңның ашылу салтанатына Қазақстан Футбол федерациясының президенті Әділет Барменқұлов, Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Станислав Черчесов, Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айекешов, құраманың капитаны, Сыр мақтанышы Асхат Тағыбергелі жобаның амбассадоры Самат Смақов және БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шарада облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айекешов сөз сөйлеп, Сыр спорттыңдағы жетістіктерге тоқталды.

— Бүгінде аймақ басшысының тікелей бастамасымен спорт саласын серпінді дамытуға айтарлықтай басымдық берілуде. Атап айтқанда, биыл аймағымызда 15 спорт көшенің құрылысы жүргізілсе, соның ішінде 9-ы ел игілігіне пайдалануға берілді. Сондай-ақ жақында халықтың суранысына сәйкес қаланың сол жағалауында заманауи үлгіде салынған «Үстел теннисі» орталығы ашылып, спортсүйер қауымның игілігіне табысталды. Сонымен қатар облыс орталығында 10 мың орындық жаңа стадионның құрылысы да қарқынды жүрде. Бұл — өз кезегінде Сыр спортшыларын қолдауға бағытталған бастама. Бүгін ашылған жаңа алаң жас футболшылардың ел намысын қорғауға және жоғары деңгейде жаттығуына үлкен мүмкіндік береді деген сенімдемін, — деді Жігер Айекешов.

Салтанатты шарада Қазақстан Футбол федерациясының президенті Әділет Назарбайұлы жаңартылған алаң жоғары деңгейдегі италияндық маркамен жасақталғанын жеткізіп, алаң республикалық, облыстық, қалалық жарыстарды өткізуге толықтай мүмкіндігі барын айтты.

Жиында ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы Станислав Черчесов пен белгілі футболшы Самат Смақов жас футболшыларға ашық жаттығу жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ жоба аясында балаларға арнайы сыйлықтар ұсынылды.

Шара соңы алаңдағы танымал тұлғалар Станислав Черчесов, Самат Смақов және Асхат Тағыбергелінің қатысушыларға қолтаңба беру сессиясымен түйінделді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.